

«№19 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп–гимназия»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық Н-№96

Атырау қаласы

«01» қыркүйек 2022 жыл

**1-4 бастауыш сынып
оқушыларына және жетім,
жартылай жетім, аз қамтылған отбасы
оқушыларын бір мезгіл ыстық
тамақпен қамту туралы**

«Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-аналасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусым №235 бұйрығының 1 қосымшасы 83 тармағын негізге ала отырып,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектептің 1-4 бастауыш сынып оқушыларын және жетім, жартылай жетім, аз қамтылған отбасы оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылсын.

2. Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етуші жеке кәсіпкер «Мамбетов А.Е»-пен тиісті құжаттамаларды рәсімдеу есепші Г.Габдрахмановаға жүктелсін.

3. Асханадағы дайындалып берілетін тамақтардың сертификаттарын, пісірілу сапасын анықтап, қадағалау және күнделікті ас мәзірін жасақтау және бақылау мектептің медикесі А.Уразғалиева мен әлеуметтік педагог Ш.Сыналбекованың жауапкершілігіне жүктелсін.

4. Мектептің 1-4 бастауыш сынып оқушыларын және жетім, жартылай жетім, аз қамтылған отбасы оқушыларының асханадан тамақтануын кесте бойынша ұйымдастыру бастауыш сыныптар жөніндегі директордың орынбасары Ж.Досахаеваға және әлеуметтік педагог Ш.Сыналбековаға міндеттелсін.

5. Ас мәзірі бойынша берілген тамақтың ай сайынғы есебіне бақылау жасап, есеп бөліміне уақытылы есеп табелін тапсыру әлеуметтік педагог Ш.Сыналбековаға жүктелсін.

6. Ыстық тамақтың берілісіне және ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының орындалысына бақылау жасау мектеп менеджері М.Даутоваға, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Рысқалиеваға және сынып жетекшілеріне міндеттелінсін.

7. Сынып жетекшілеріне оқушылардың тамақтануы кезінде бірге тамақтануға қатаң тиым салынсын.

8.Мектеп оқушыларының асхана ішіндегі санитарлық - гигиеналық тазалықты сақтау жеке кәсіпкер А.Мамбетовтің жауапкершілігіне міндеттелінсін.

9.Асханадағы оқушыларға берілетін тамақтардың берілуі мен сапасын бақылау үшін төмендегі құрамда брокеражды комиссия құрылсын:

Комиссия мүшелері:

- 1)Б.Гапуова – мектеп директоры , комиссия төрайымы;
- 2) М.Рысқалиева – директордың тәрбие ісі орынбасары, төрайым орынбасары;
- 3)Ш.Сыналбекова -әлеуметтік педагог, мүшесі;
- 4)Ш.Елеукенова-кәсіподақ ұйымының төрайымы, мүшесі;
- 5)А.Жанғалиева – қамқоршылық кеңес төрайымы, мүше;
- 6)Э.Ақбатырова – ата-аналар комитеті төрайымы, мүше;
- 7)М.Конкакова – ата-аналар комитеті төрайымы, мүше;
- 8)Б.Зекенова - ата-аналар комитеті төрайымы мүшесі;
- 9)А.Уразғалиева – медбике, мүшесі;
- 10.Осы бұйырықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназия директоры



Б.Б.Гапуова